

2021 жыл кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында ШҚО ДСБ "Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі - ШҚО ММО) "ШҚО денсаулық сақтау басқармасы" ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қоғамдық кеңесі отырысының 14.01.2019 жылғы хаттамасы негізінде медициналық ұйымда жұмыс тобы құрылды, оның құрамы бас дәрігердің бұйрығымен бекітілді (11.03.2021 ж. №57 бұйрық). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы ереже әзірленді және барлық қызметкерлерге хабардар етілді.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде медициналық ұйымда жауапты тұлға 15.10.2021 ж. №182-п бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы құрылды, оның құрамы бас дәрігердің бұйрығымен бекітілді (15.10.2021 ж. №182-П бұйрық). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы ереже әзірленіп, барлық қызметкерлерге хабардар етілді.

Ұйымдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторингті барлық салаларда тұрақты негізде жұмыс тобы жүргізеді. Жүргізілген мониторинг барысында жұмыс тобы қолданыстағы заңнамаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық хаттарға негізделеді және басшылыққа алынады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге, ШҚО ММО қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алуға (болдырмауға) бағытталған өзара байланысты қағидаттар, рәсімдер мен нақты іс-шаралар кешені болып табылады. "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі. Жүргізілген мониторинг (анықтама) нәтижелері ұйымның веб-сайтында жарияланады (bolnica1.vko@mail.ru.)

Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар:

1. Әрбір клиникалық бөлімшеде жалпыға қолжетімді орындарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпарат орналастырылған. "Жедел желі" байланыс телефонының нөмірлері көрсетілген.
2. Осы бағыт бойынша емделушілерді колдау және ішкі аудит қызметі жұмыс істейді, заңда белгіленген мерзімде медициналық қызмет көрсету сапасы мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін тіркейді және қарайды.
3. Сондай-ақ, барлық құрылымдық бөлімшелерде жалпыға қолжетімді орындарда ТМККК, МӘМС, ақылы қызметтер шеңберінде медициналық қызметтер көрсету тәртібін регламенттейтін денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары бар.
4. Стационарға емдеуге жатқызу кезінде барлық емделушілермен медициналық қызмет көрсетуге екі жақты шарт жасалады.
5. Қызметкерлермен жедел кеңестерде еңбек қызметін жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

I. Бағыт бойынша-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау ұйымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде:

1) 2021 жылғы қаңтардан қыркүйекке дейінгі кезеңде персоналды басқару:

Штат	Нақты саны	Жұмысқа қабылданғандар	Жұмыстан шыққандар (босатылғандар)	Бос лауазым орындары
1313,25	943	101	133 адам	20

Жұмыстан шығу төмен жалақымен байланысты – басқа және кіші қызметкерлер, дәрігерлік қызметкерлер – ҚР шегінен тыс жерге қоныс аудару және тұрғылықты жерін ауыстыру, магистратурада оқу.

Осы кезеңде теріс себептермен жұмыстан шығарылған екі қызметкер:

26.07.2021 ж. №89-л, 31.08.2021 ж. №111-л (жұмысқа шықпай қою) бұйрықтары, ҚР ЕК 52-бабы, 1-тармағы, 25-тармағы бойынша жұмыстан босатылған.

2) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша:

2021 жылы медициналық ұйымға жеке тұлғалардан 78 өтініш келіп түсті. Негізделген шағымдарды қарау нәтижелері бойынша-3. Қабылданған шаралар: 3 жағдайда тәртіптік жазалау шаралары қабылданды.

Мазмұны бойынша барлық өтініштер медициналық көмек көрсету сапасына қатысты болды, сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша 2021 жылы өтініштер түскен жоқ.

ШҚО ММО қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

3) Мүдделер қақтығысын реттеу

Жақын туыстарының, ерлі-зайыптылар және жекжаттарының бірге жұмыс істеу фактілері анықталған жоқ.

4) Мемлекеттік қызметтер көрсету

"ШЖҚ ММО" ШЖҚ КМК "Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" мемлекеттік қызметі көрсетіледі.

2021 жылғы кезеңде сұраныстар бойынша барлық жағдайларда бекітілген есепке алу-есеп беру нысаны бойынша стационарлық науқастың медициналық картасынан (СНМК) 15 982 үзінді көшірме берілді. СНМК бұзу немесе уақтылы бермеу туралы азаматтардан өтініштер түскен жоқ.

Мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың сұрау салулары (жазбаша) бойынша 303 сұрау келіп түсті, жауаптар уақтылы берілді.

Азаматтардың барлық өтініштерін электрондық портал арқылы өңдеуді "Е-өтініш" бірыңғай платформасы арқылы (ҚР ӘПК шеңберінде әкімшілік рәсімді өткізе отырып) 3 өтініш келіп түсті, өтінішті тексеру нәтижесінде негізді емес.

Қайтыс болған емделушілер бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлік ХҚО-да қайтыс болу туралы хабарламаны одан әрі алу үшін БХТ жүйесіне енгізіледі. Қайтыс болғандар саны – 679 адам.

5) Ақылы медициналық қызметтер көрсету қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес көрсетіледі.

2021 жылы ақылы қызметтер 39 618 324,12 теңгеге орындалды.

6) Еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беру:

2021 жылы 4571 еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілді. Жазылған парақтардың түбіршектері бар. Еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бланкілерін есепке алу журналы және берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын есепке алу журналы жүргізіледі. Қазіргі уақытта еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру КМАЖ ақпараттық жүйесі арқылы автоматты түрде жүргізіледі, бұл еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын ресімдеу кезіндегі қателер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады. 149 анықтама берілген (22.12.2021 ж. қоса алғандағы мәліметтер).

7) мемлекеттік сатып алу жұмысын талдау:

Мемлекеттік сатып алу бөлімінің жұмысын талдау тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу НҚА-ға, атап айтқанда, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына, "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандандырылған емдік өнімдерді, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" ҚР 04.06.2021 ж. № 375 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

2021 жылғы кезеңде жүргізілген мемлекеттік сатып алу бойынша:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандандырылған емдік өнімдерді, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" ҚР 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысы негізінде 388 шарт жасалған.

Ашық конкурстар, аукциондар

2021ж. сомасы 249 647 961,40 теңге

Бір орыннан сатып алу

2021ж. сомасы 190 666 533,46 теңге

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы

2021ж. сомасы 36 074 760,83 теңге

№375 қаулы негізінде

2021ж. сомасы 829 904 184,27 теңге

04.06.2021 жылғы №375 ҚР ҰҚ бойынша 3-тоқсанда жасалған шарттарға мониторинг жүргізілді: сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы; сатып алу тәсілі, ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушінің атауы; тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу үшін бөлінген сома; өтінімдерді беру күні, уақыты, өтінім берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және лауазымы; жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім берушінің бағасы, шарттың нөмірі мен жасалған күні (қосымша кесте).

Барлық сатып алулар мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтай отырып өткізілді. Әлеуетті жеткізушілерден шағымдар түскен жоқ.

ШҚО бойынша МАЭС-қа өз міндеттемелерін орындамаған/немесе тиісінше орындамаған әлеуетті өнім берушілерге қатысты 3 талап арыз берілді. Азаматтық істерді сотқа дейінгі дайындау кезеңінде әлеуетті өнім берушілер тауарды қойып, қойылған тұрақсыздық айыбының сомасын ерікті түрде төледі.

2021 ж. кезеңінде әкімшілік іс қаралды, онда медициналық ұйымның мүдделері үшінші тұлға ретінде қозғалды:

ШҚО әкімшілік сотында "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" РММ-не талапкердің өтініші бойынша шешім қабылдау және залалдарды өндіріп алу бөлігінде жауапкердің әрекетсіздігін заңсыз деп тану туралы (№6394-21-00-4/85 іс) азамат Г.Б.Сливаның әкімшілік ісі қаралды, үшінші тұлғалар: "ШҚО денсаулық сақтау басқармасы" ММ, ШҚО ДСБ "Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы" ШЖҚ КМК.

Шешіммен қаулы етілді: "Шығыс Қазақстан облысының Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне сеніп тапсырылған медициналық орталықта әрекетсіздікті және бақылаудың толық болмауын тану туралы Г.Б. Сливаның әкімшілік талап-арызын қанағаттандырудан бас тарту.

Тұрақты түрде жедел кеңестерде ШҚО ММО және оның басшылығының жоғары этикалық стандарттарға және медициналық ұйымда қызметті ашық және адал жүргізу, сондай-ақ, беделді тиісті деңгейде ұстап тұру қағидаттарына адалдығын көрсететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат түсіндіріледі.

ШҚО-да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты ШҚО ММО-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін қалыптастыру болып табылады.

Қызметке жүргізілген талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

Бас дәрігердің м. а.



М.К. Нурбикиенов

Хатшы



А.А. Логинова